


*Әдеби
мемуарлар*

1 2007
3 к



ЖҮМЕКЕННИҢ ЖҮРЕГІ

*Жүмекен Нәжімеденов туралы
естеліктер*



ЖҰМЕКЕННІҢ ЖҮРЕГІ

***Жұмекен Нәжімеденов туралы
естеліктер***



Алматы “Білім” 2006

ББК 84 (5Каз)

Ж 81

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы
бойынша шығарылып отыр*

Құрастырушы: Саида Жүмекенқызы Нәжімеденова

Н 32 Жүмекеннің жүрегі. Жүмекен Нәжімеденов туралы естеліктер. – Алматы: “Білім” баспасы, – 2006. – 372 бет + 12 бет суреттер.

ISBN 9965-09-426-8

Бұл кітапқа қазақ әдебиетінің классигі, ХХ ғасырдың ұлы ақыны, жастар сыйлығының игері, Қазақстан Республикасы жаңа әнұраны авторларының бірі Жүмекен Нәжімеденов туралы әр жылдары жазылған естелік-жазбалар енгізілді. Кітап үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде естеліктер, екінші бөлімінде арнау өлеңдер, үшінші бөлімінде мақалалар топтастырылған.

Н 4702250200
412(05)-06

ББК 84 (5Каз)

ISBN 9965-09-426-8

© Нәжімеденова С.
(құраст.), 2006

© “Білім” баспасы, 2006

ЖҮМЕКЕН САБЫРҰЛЫ НӘЖІМЕДЕНОВ

(1935–1983)

Жүмекен Сабырұлы Нәжімеденов 1935 жылғы 28 қарашада Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Қошалақ құмының Ашақ деген жерінде дүниеге келді.

1954 жылы Нұржау кеңесіне қарасты Ленин атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін 1954–1955 жж. “Жас қайрат” сегіз жылдық мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. 1955–1956 жж. Қарағандыдағы №3/34 шахтада комбайнердің көмекшісі болып істеді. 1956–1959 жж. Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясының халық аспаптар бөлімінде дәріс алды. 1959–1965 жж. “Жазушы” баспасында кіші редактор, 1965–1966 жж. “Лениншіл жас” газетінің әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі, 1966–1971 жж. Жазушылар Одағында әдеби кеңесші болып қызмет атқарды. 1971–1973 жж. Мәскеу қаласындағы А.М.Горький атындағы Жоғарғы Әдеби курсты бітірді. 1974–1978 жж. Қазақ Мемлекеттік кітап саудасы жөніндегі комитетінде редактор, 1978–1983 жж. “Мектеп” баспасының тарих және география бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеді.

Ақын 1963 жылы Мәскеуде өткен Жас жазушылардың IV конференциясына делегат болып қатысты. 1967 жылы “Жоқ, ұмытуға болмайды!” деген дастандар жинағы үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанды.

Жүмекен Нәжімеденов артына 5 томдық өлеңдер мен дастандар жинағын, 3 романын, көптеген повестер мен өңгімелерін, аудармаларын қалдырды. 1966 жылы Сағдидың “Бустан” дастанын, 1973 жылы Түркия ақындарының өлеңдерін, 1980 жылы А.Блоктың “Зауал” дастанын, М.Лермонтов пен В.Маяковскийдің көптеген өлеңдерін, 1981 жылы А.Вознесенскийдің шығармалар жинағын қазақ тіліне аударды. Ақынның өлеңдері шет елдерде де басылды.

Ж.Нәжімеденов 1983 жылғы 22 қарашада жүрек сырқатынан қайтыс болды.

Жарык көрген кітаптары:

“Балауса” (1961), “Сыбызғы сыры” (1962), “Өз көзім-мен” (1964), “Жок, ұмытуға болмайды! (1965), “Жарық пен жылу” (1966), “Күй кітабы” (1967), “Мезгіл әуендері” (1968), “Весенние ветры” (1969), “Ұлым, саған айтам” (1970), “Қызғалдақ жайлы баллада” (1971), “Мен туған күн” (1972), “Ақ шағыл” (1973), “Кішкентай” (1975), “Даңқ пен дақпырт” (1977), “Жеті бояу” (1979), “Шуақ” (1980), “Ашық аспан” (1981), “Темірқазық” (1982), “Мое рождение” (1982), “Қыран-қия” (1984), “Менің топырағым” (1985), “Тебе говорю, потомок” (1986), “Ұрпағым, саған айтам” (1988), “Солнцеворот” (1994), үш томдық өлеңдер мен дастандар жинағы (1996–1997), “Мен – тамырмын” (2001), “Қасірет пен қайсарлық” (2001), “Жүмекен” – (Атырау ақын-жазушыларының кітапханасы) (2002), “Жаңғырық” (2003), “Я есть” (2003), “Менің Қазақстаным” (2005), екі томдық өлеңдер жинағы (2005), “Аспан шақырады” (2005).

I. ЕСТЕЛІКТЕР

Әбу Сәрсенбаев

ШЫНДЫҚ ЖЫРШЫСЫ

(естелік-эссе)

*...Шындық деген көк аспандай тым биік,
Мұхит сынды әрі терең тұңғиық.*

Әлі есімде, 1956 жылдары болса керек. Жазушылар одағының поэзия секциясын басқаратын кезім, орта бойлы талдырмаш жігіт есіктен сүрініңкірей кіре берді де, әуелі артына қарады. Сосын, кешірім сұрап, сәлем берді де, жанымға таянды. Сәлемін қабылдап, орын ұсындым. Біздер жөн сұрасып та үлгермей, екі-үш жас ақын кірді. “Аға, кешіріңіз. Мынау Жүмекен деген дүр ақын. Теңіз ауданының “Құрманғазы” кеңшарынан. Алдап ертіп келдік те, есіктен итеріп кіргіздік. Осы ұлыңыздың өлеңдерін тындап, батагәй болыңызшы. Тіпті секция мүшелерінің бәрі осында жүр. Біз шақырып берелік”. Жігіттер жүгіріп кетті.

Біз Жүмекен екеуміз таныса бастадық. Мен еркелете сөйледім. “Әй, күшік, көрші екенбіз ғой. Мен “Комжолданмын”. Естуің бар ма? Анау Зейноллалар бізде жатты. Сен неге бізге түспедің? Неге сәлем бермедің?” Жүмекен қысылыңқы күлімсіреді. “Үйіңізді теңіздіктер басып жатыр дегенді естідім де, қосымша мазаламауға тырыстым. “Тауды алыстан көр” – депті бабалар... аяқ асты етпеу керек”. Жауабына риза болып, “Мынау бір ата көрген ұрпақ қой” – деп түйдім ішімнен. Бұл Құрманғазы атындағы консерваторияның студенті Жүмекен Нәжімеденовтің өзін елі ақын деп мойындап болмаған кезі болатын.

Секция мүшелері түгелге жақын жиналды. Тіпті арқалы ақынымыз – Тәкеннің де келе қалғаны. Мәжіліс басталды. Балауса ақынның өлеңдерінде біздің құлағымыз дағдыланған Партияға, көсемдерге арналған мадақ жоқ. Өмір өріне жүзуге талпынған қайсарлық бар. Балхаш теңізі, Сыр өзеніне арналған өлеңдерінде біздің ол кездегі құлағымызға жат “ерсі қайсарлық бар”.

...Өріңе жүзе алмайтын жасық тусам,
Денемді арыныңмен қайда ұрар ең?
...Ал жүздім, егер суға мен
Шым батсам теп те лайлан,
Сұрауға көмек тумап ем,
Адамнан да құдайдан...

Тәкең тек өзіне ғана тән өзгеше мінезімен, жас ақынға жұлқына, оқыс бұрылып: “Тек әй, олай деме, жаман болады. Ерсілік қой, бұның” — деп қалды. Жас ақын күреңіте күлімсіреп тіл қатты: “Аға, кешіре көріңіз. Осы ерсілікті өзіңізден үйрендік қой”:

“Дулығам сыймай басыма,
Асау күн, келдім қасыңа...” —

деп бастады да, “Күн тіл қаттының” бірнеше шумағын жатқа оқыды. Тәкең әбден риза болып, болашақ ақынды арқаға қақты. “Әй, мынау мықтының өзі болып, Махаңнан да асып түсем — деп жүрмегей...” Дуылдаса күлістік.

Болашақ ақын бұдан әрі “Жайық жырларын” оқыды. Әдемі сурет. Ақын туған өзенінің тоқсан толқыған құбылысын суреттей отырып, “Ақ Жайығымен” жыр жолдары арқылы сырласады. Толқындар шоқтығына меруерт жұлдыздардан шоқ қадайды. Толқын қанаттарымен кеудесін қағып өткен Жайық өріне талпынады. Кейде ала жондана жарылып, тулай жөнелген асау өзенге ұқсап, өзі де көк долы болуға тырысады. Дауылдан кейін еркелене келіп, кенекке жата кеткен сұлу толқынға сүйсіне қарап, толқын сыбдырынан сүйіктісінің күлкісін тыңдап, айдын бетінен дидарын көргендей сезінеді.

Жас дарынның суреткерлігіне біз осы алғашқы өлеңдерін тыңдағанда-ақ сүйсінгенбіз. Рас, ол өз өлеңдерін қысылыңқырап оқыды. Бұл жасықтық емес, сөз патшасы, өлең ордасына барар сапардың жауаптылығын сезіну болса керек. Секция мүшелері жеке кемшіліктерін ескерте отырып, бір ауыздан жылы лебіз білдірді. Көпшіліктің ұйғаруы бойынша мен жас өренге ақ жол тілеп, сәт сапар жаздым да, бір топ өлеңдерін “Қазақ әдебиетінде” бастырдым. Осыдан бастап, 1965 жылдарға дейін Жүмекен менің бақылауымдағы шәкіртім болып келді де, Әдебиет институтын бітіріп оралғаннан кейін, маған ұстаздық биігіне көтерілді. Жүмекенге сыйлаған бір кітабымда Жуковскийді қайталап: “Жеңген шәкіртке жеңілген ұстаздан” — деп жазып едім, ол ерсі көрді. “Аға, қойыңызшы, сіз Жуковский болып қала беріңіз. Мені жеңген шәкірт санап, ұлы Пушкинді аласартпаңызшы”, — деді де, кітаптың өзге данасына “Жүмекенге Әбуден” деген екі сөз ғана жаздырды.

1959 жылы Жүмекен менің “Офицер күнделігімді” редакциялады. 1967 жылы менің орныма поэзия секциясын басқарып, маған тапсырма берді. Бұл менің әскери жазушылардың Мәскеуде ашылатын үш айлық курсына жүрмек, қарбалас кезім еді. Түн ішінде он-он бес бәлекей кітап көтеріп Жүмекен кірді. “Аға, өз орныңызға ұсынған шәкіртіңізге көмектесе көріңіз. Мынау “Тұңғыштарға” арналған мәжіліс шақырылмақ. Баяндама сізге жүктелді”. Басымды шайқап күрсіндім. “Қарағым-ау, төрт күн ішінде...” Жүмекен еркелене өтінді. “Аға, бірсыпырасына сәт сапар жазған екенсіз. Уақыттың тығыз екені рас... Екі данадан әкелдім. Бірін мен дауыстап оқимын, екіншісіне белгі сала отырыңыз”. Көңілін қимай келістім. Ол кеш төрт-бесін оқып, пікір алыстық. Үшінші күні қағазға түсіріп үлгермеген баяндамамды ауызша оқып, жиылыс біткен бойда самолетке тарттым. Баяндамамды Мәскеуде қағазға көшіріп, қолжазба күйінде Жүмекенге жібергем. Кейін “Балапан жырлар самғайды” деген атпен журналда басылды.

...Жүмекен тез өсті. 1961 жылы жарық көрген “Балаусадан” бастап, өз тұстастарының талайынан дараланумен болды. Кітап сайын тереңдеп, кітап сайын кекселеніп отырды. Жүмекен поэзиясын шартты түрде екі кезеңге бөлген жөн. Бірінші кезең “Ақ шағыл” романдар шоғырына дейінгі бел-белестер. Бұл екі арадағы туындыларында кереметтей сезім сұлулығы, сезім мөлдірлігі, бояу сонылығы, өлең жолдарымен өрнектелген ғажайып суреттер. Жүмекен бұл тұста бояу сиқырын игерген қыл қалам шеберлерінің деңгейіне көтерілді. “Поэзия – сөзбен өрнектелген сурет” – деп айтпақшы, қыл қалам ұсталары суретті бояумен өрнектесе, Жүмекен сөз сиқырының кілтін тауып, құбылта, ойната білді. Сонымен бірге шумақ сайын еріксіз езу тартқызатын жүп-жұмсақ әзілді де жиі кездестіреміз. Жүмекен – жалпы суреткер ақын. “Қошалақ” жырындағы мынау суретке назар аударалықшы:

...Сабырлы сай, самалды алап, сырлы алап,
Жусанынан сынап шықтар сырғанап,
Құм шағылдан өсіп шыққан шоқыңа
Жолаушыдай өте алмадым бір қарап.
... Жыңғылынды көлеңкелеп көз ілдім,
Көз ілдім мен төсегінде сезімнің...

Иә, Жүмекен әрқашанда сезім төсегінде. Оның бүгінге сыймай қалған ойлары тербеледі. Жүмекеннің бірінші кезеңдегі өлеңдерінен мұндай сұлу суреттерді жиі кездестіреміз.

Жүмекенде “әулие ақын жазса да өлең шіркін жаман болып тууға ұялмайды” — деген ақиқат болжам бар. Бірақ та ақынның өз өлеңдері жаман болып тууға ұялатын-ды.

Ақын поэзиясының бірінші кезеңі “Қызғалдақ туралы балладамен” аяқталады. Автор осы кітабын маған сыйлағанда: “Аға, өлең өнерінің сізге жинары, сірә, осы шығар” (6.06.71) — деп жазған екен. Ал, мен оқып шыққан бойда ризалығымды білдіріппін: “Айналайын, сенің әрбір кітабың өзінің сонылығымен бір саты биіктеу келер еді, мынау солардың бәрінен де биіктеп кеткен екен, — десем ренжи көрме. Әрі қарапайым, әрі жол сайын соны бояу, соны бейне, ақын өлімі туралы азаның өзі де сонша тебіреністі сұлу сезім... көп жаса. Тағы да келер биікті тілеймін, — деп жазыппын.

Осы шағын жинақтың тұла бойы тұнып тұрған сұлулық болатын. Тіпті ақын өлімінің азасы да еңсенді құлатпай, жыр атын жалау еткен, ақын рухына арналған құрметпен көңіліңді аялайтындай. “Айдарында ақ көбелек ойнаған, кекілінде көк көбелек ойнаған” гүлдерден тізіліп, ақын зиратына қойылған гүл шеңбері арқылы ақиық ақынымыз Тәкең айтпақшы, “Бәрімізге де осындай құрмет бұйырғай” деп қалар ек.

Жүмекен поэзиясының екінші кезеңі — “Ақ шағыл” романдар шоғырын аяқтап, поэзияға қайта оралған тұстан басталады. Бұл ақынның Мәскеудегі Әдебиет институтында оқу жылдарына жалғасады. Жүмекен Мәскеудің үлкен ғалымдарынан дәріс тыңдады. Орыстың қабырғалы ақындарымен тікелей дидакталасты. Кейбірі Жүмекенді аударды, кейбірінің шығармаларын өзі аударды (Вознесенский), осының арқасында Жүмекен поэзиясында жаңа бетбұрыс басталды. Ақын сұңғыла ойға тереңдеді. Жүмекеннің екінші кезеңдегі өлеңдерінен “Әр жолдың арасында асылым бар” деп өзі айтпақшы, фәлсафалық түйіндерді жиі кездестіреміз. Ол өмірдің де, өлеңнің де сыртқы сұлулығы емес, ішкі мән-мағынасына үңіледі. “Көк аспандай биікті, мұхиттай терең шындықты” іздейді. Ол кешегі Жүмекен емес, сұңғылаланып үлгерген мазасыз ойлы философтарша толғанады. Ол “Мен өткен жоқ, маған рас қалдырып ауыр салмағын” деп өзі айтпақшы, жылдар салмағын, замана салмағын бүкіл болмысымен, тіпті әрбір бұлшық етімен сезінді. Ол қалың да қатпарлы ойға малтыды. “Азанда сәби болып оянып, кешке шал болып үлгерді”. Ақынның бұл тұстағы өлеңдерін қызықтап оқымай, әлденеше рет қайталап оқу шарт. Әбден түсіну үшін Жүмекен биігіне көтеріліп, Жүмекен сұңғылалығына тереңдеу керек. Замана құбылысын Жүмекен көзімен көру керек. Ол “тойға барған

ауыл қартының” вертолеттен қой жетелеп түсетін мынау дарқан молшылық заман шындығына үңіліп, сол молшылық тасасындағы өзгеміз елемеген қасіретті көре білді. Сол молшылықтың халқымызды жалқаулыққа баулып, “жұмсақ миларына батыл ойлардың сіңуден қалғандығын”, тек дайынға дағдыланып, құдіретті ортадан жарлық келгенше өз бастарымен еш нәрсе ойламайтын мәңгүртке айналып бара жатқандықтарын өзгемізден айқын аңғарып, жан әлемі ауыра жырлады:

Жеңгем айтты,
Біздің ауыл ауыл деген атағы.
Малдың маған асаулығы батады,
Мал саумайды қазір қырдың адамы,
Соғымдарын атып алып жатады.
... Сауынымыз консерві,
Ал консерві шөп жемейтін жануар...

Рас-ау, “шөп жемейтін консерві” сиыр тұрғанда, азаптанып, мал асыраудың, асау малды сауамын деп азаптандудың қажеті не? Тіпті қымыздың да керегі жоқ. Сиыр сауатын ауыл әйелдері “цистернен квас, сыра сауатын болды”, неткен рахат! Хрущевтің коммунизмі орнап болған ауылға. Әлі алманың ауызға өзі келіп түсуі де таяу. Біздің түсімізді өзіміз деп ұғынған қиялдаған коммунизм тұсының молшылығы тасасында өзге қасіретіміз де баршылық-ты. “Жүкті әйелдер құрылыстарда тас қалап” шаршаса, жардай жас жігіттеріміз таза жұмыс таңдап, асханада қасық жуып, көшелерде театр билеттерін сатып отыр. Талай қазақ азаматтары “маған туған тілдің қажеті не, маған тіл орнына үй берсін. Өзге тілмен де күн көремін...” – деген сөзді Абай, Мұхтар тілінде айтты. Ақын осылардың бәріне де қатты қайғырды. Бәріне жан жүрегі ауырды. Ақын осы күйініштерін жыр жолдарымен жеткізбек болды. “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” деп ұлы бабасы айтқандай, Жүмекен де:

Бір ұйқыны бұзса деп ем өлеңім,
Ақылдыға қайғы берсе деп едім,
Ақымақты ойландырса деп едім, –

деп толғанады.

Сөйтіп ақын “Молшылық” тасасында ұлттық денемізге тарай бастаған қауіпті дертке өз өлеңі арқылы мейірімсіз күрес ашты.

Жүмекен поэзиясының екінші кезеңі – ақынның дүние таным көкжиегінің соншама кеңейіп те, әбден айқындалып, философиялық ойының да толысып, кекселенген шағы. Бұл

тұста “әр тыныс сүйініш пен күйініштен тұратын” ақын әлемі дауылды күнгі теңіздей алай-дүлей. Ол табиғат драмасын да, беймаза заман драмасын да өз табиғатына сіңіріп, өзі де қарама-қарсы тартыс драмасына айналған. Қазір өзінің өлең жолдарымен айтқанда, оның “кішкентай басын” туған топырақ тағдыры ғана емес, күллі жұмыр жер тағдыры аландатады. Ол қазір “аштық пен атом үрейінен өз сәбилері ғана емес, күллі адамзат сәбилерінің де шошып оянбауын” тілейді... “Бүкіл денесін айналып өтіп жүрген бір тамшы ыстық қаны” тәрізді енді ақынның өзі күллі адамзат әлемінің денесін айналып, аяламақ болады. Ол адамзат бақытына қырсығын тигізер артық ұйқыдан да қысылады. Оның тау бұлағындай тасқын ойына қазақ өлеңінің өлшемі еркін өріс бермейтіндігін аңғартады. (“Буын деген не өзі?”). Бірақ ол Мұқағали ағасы сияқты “қазақтың күпі киген қара өлеңіне шекпен жауып” әуреленбейді, қазақ жырын Пушкин, Байрон, Гете ойларымен күдіреттендірген Абай бабасынша жаңа буын өлшемдерін енгізеді. Ақын өлеңдерінің бұл тұстағы өлшемдері бірде он үш, бірде он бес болып, мазмұн талабына лайық құбылып отырады. Ол мазмұнға залал келтірер, сіресіп қалған “темір” ұйқасқа да бармайды. Осы жолмен қазақ поэзиясының географиялық шеңберін ұлғайтып, Уитмен кеңістігіне шығады, күллі адамзатқа ортақ биік мақсатқа қанат қағады. Американың ұлы демократ ақыны Уитмен мен қазақ ақыны Жүмекен толғаныстарында тамаша ұқсастық, үндестік бар.

Егер Уитмен:

Вот я сделаю всю сушу неделимой,
Я создам самый великолепный народ из всех,
озаряемых солнцем,
Я создам дивные страны, влекущие к себе, как магниты
любовью товарищей...

Я взращу, словно рощи густые, союзы друзей... — деп толғанса, Жүмекен осы игі мақсатқа қазақ атынан өзінше үн қосады:

... Әлде бір ендіктерде, белдеуде
Экваторға айналсам-ау мен демде,
Жердің шарын құшақтасам бір ғана,
Қарым менің шақырым боп мыңдаған — бұл мықты,
Сипап көріп мұхиттарды, құрлықты.
... Адам деген атамыздың аты ғана қалды асыл,
Кімге керек қара нәсіл, ақ нәсіл:
Жапонның да аспанының айы аппақ,
Негрдің де жапырағы жап-жасыл...

Уа, жасаған, жасаған,
Бірін-бірі жылататын несі адам?
Бар халықтың тыңдап көрсем әуенін:
Барлығының мұраты – өмір, жауы – өлім.
Уа, жасаған, есалаң,
Бірін-бірі өлтіретін несі адам?
Бұл – бей ұлтсыздық емес, күллі адамзатқа ортақ ұлы
арман!

... Екінші кезеңнің шоқтығы биік ең шұрайлы
туындылары: “Жоқ, ұмытуға болмайды!” деп аталатын
дастандар шоғыры. Солардың ішіндегі “Келін” дастанының
орны бөлек. Ал, осы дастанның кіріспесіне құлақ тосалықшы:

... Сонау жылдар еді бұл...
Күзетті аспан күңіренген ел үнін,
Ел күзетті әкесі жоқ баланы,
Шал күзетті жесір қалған келінін,
Күзетті ана нәрестесіз бесігін,
Жар күзетті күйеуінің есімін...
Жатты солай талай қыс пен күз өтіп,
Бұл дүние бірін-бірі күзетіп!

“Келін” дастанын тебіренбей, көзге жас алмай оқу мүмкін
емес. Алдымен, соғыс жылдарындағы халық қасіреті, халық
қаһармандығы осы дастан арқылы берілген. Екіншіден, бұл
қиял жемісі ғана емес, нақты адамдар тағдыры. Менің көз
алдыма солдат жетімі, алтыға жаңа аяқ басқан Жүмекен,
жиырмаға енді ғана толған солдат жесірі (Жүмекеннің анасы)
Мүслимә марқұм келеді де, ақынның аяулы анасына арнаған
мынау жолдарын іштей оқимын:

... Менің анам – сауысқандай ғана ғұмыры,
Күндіз-түні қанайды да отырады мұрыны.
Жиырмада жесір қалды ақ байлап,
Қажырлы деп көршілері мақтайды-ақ.
Күндіз жұмыс, түнде тоқып жүн шұлық,
Жүн шұлыққа жылайтын-ды түншығып...
Анам бізді қаны арқылы өткізді...

Әкеден төрт жасында қалған Жүмекен қажырлы да
қайырымды бабасы Нәжімеден ақсақалдың арқасында
жетімдікті сезген жоқ. Бірақ та әкелері тірі оралған құрдастары
мүгедек әкелерінің солдат құлақшындарын киіп, мақтанғанда
қызыға қарай күрсінген сәттерін “Әке”, “Бөрік” жырларында
есіне алыпты. Ал “Бәйтерек” өлеңінен сүйікті ақынымыздың
мейірбан бабасына арналған перзенттік алғысын оқимыз.

Ақынның өзінен кейін жарық көрген “Қыран-қия” мен “Ақ көгершін” туындылары да шытырман оқиғаларға құрылған желілі дастандар емес, ерлік пен ездік, сыпайы-биязылық пен дарақылық төңірегіндегі философиялық парасатты түйіндер. Бұларды түсіну үшін оқырмандар да философ ақынымыздың сұңғылалығына тереңдеулері керек. Қорытып айтқанда, Батырлық – Бауыржандар сынды қас батырларға ғана берілсін. Қаныш аға сынды біліктілер ғана дана саналсын. Байғұзға қыран қанаты жалғанбасын (жапсырылмасын). Ақыл-парасаттан жатаған төбелер ақылдан биік Асқарларды күндемесін. Ал “Ақ көгершінде” жастарымызды жөнсіз еркелетіп, әдепсіздік дертімен ауырттып алғанымыз үшін налиды.

Бір қысастық етпедім бе мен осы
Қорлайтындай адалдықты, пәктікті?..
... Кешкі кафе, даяшы көп, күтім көп,
Бір сұлудың тұмсығы отыр түтіндеп.
... Кеуде ашық, ауыз ашық, сан ашық,
Кіл ашықтар қалысыпты жарасып!
Елемеген болады жұрт былайғы,
Скрипка ғана сыңсып жылайды.

...Жүмекеннің көзі тірісінде қалың оқырмандарды да, зиялы ортаны да сүйсіндірген туындыларының бірі – “Күй кітабы”. Жинақ академик Ахмет Жұбановқа өңештен қатерлі операция жасалған тұста жарық көрді. Операция сәтті аяқталды. Екінші аптада қуанышымыз қойнымызға сыймай, Жүмекен екеуіміз Ахаңа бардық. Жүмекен “Күй кітабын” ала жүрді. Онда сүйікті ұстазы Жұбановқа арналған үш өлең болатын. Кезектегілердің бірі кітапты сұрап оқыды да, Жүмекенге бұрылды. “Скрипка ішегі үзіліп көзіне тиіпті де...” – көз жаққа бекер барғансың... Ренжітіп аларсың. Жүмекен абыржып қалды... Ренжір ме екен, ә?.. Тыпыршып сағатына қарады. “Уақытым болып қапты... Мен кетейін. Аға, сіз тапсырасыз ба?..” Жинақты мен алып қалдым. Кешікпей кірдім. Ахаң жалғыз екен. Қабағында кірбің жоқ, жылы шыраймен қолын берді. Баяғы әзілі. Сәлемдескеннен кейін “Күй кітабын” әңгімелеп, онда өзіне арналған өлеңдер бар екенін айттым. “Есітіп ем... Кәне, оқышы...” Мен көзілдіріксіз барыппын.

Ахаң төсектің аяқ жағына байланған ұзын орамалдан тартып отырды да, кітапты өзі оқыды. Скрипка ішегінің көзіне тигені туралы тұста мырс етті. “Қажым-ау бұны айтып жүрген...” Одан әрі “Өнердің жастығы ғой – деп қаламыз,

Алпыстағы атаға қыз қараса...” — деген жолдарды оқыды да, рахаттана күлімсіреді. “Не дейді-ай, мынау шәкіртім? Өзі қайда, неге келмеді?” Шындықты айттым. Ахаң қолын сілтеді. “Қой, ұялмасын. Өзілің жарасса атаңмен ойна деген. Рахмет, өте жылы жазылған... Бұл өзі шебер домбырашы еді, енді өлеңге де шеберленген екен... Жігітке сегіз қырлы өнерпаздық жарасады...”

“Күй кітабына” орай ұстаз бен шәкірт арасындағы осы бір сүйіспендік, сыйластықты әңгімелей өтуді орынды санадым.

Солай, Ахаң айтқандай, Жүмекен сегіз қырлы дарын болатын. Ол — Жастар Одағы сыйлығының лауреаты, ақын, прозаик, аудармашы. Тума әдебиетімізді көркем аудармалармен байытты. Ол ұлы Гетенің назарына іліккен Шығыстың жеті жұлдызынан Сағдиді, Куннің “Грек аңыздарын” аударуға қатысты. Сол аңыздар бойынша өзі бірнеше өлеңдер жазды: “Нарцисс”, “Апполон”, “Геракл”, тағы тағылар. Орыстың классик ақындарынан, өз тұстастарынан Вознесенскийді аударды.

Жүмекен қазақ прозасына да елеулі үлес қосты. Ол — соғыстың ауыр жылдарындағы ауыл еңбеккерлерінің қаһармандықтары әңгімеленетін “Ақ шағыл” романдар шоғыры.

Ақын аса балажан адам болатын. Оның “Бес бұтақ” деген өлеңі былайша басталады:

Бала деген ерке екен, ертегі екен,
Ертегіше тыңдаймын, еркелетем...
Бес тентегім — бейне бір жұмыс күнім;
Көңілімді көтерсе бірі менің,
Шаршатарда барлығы бірігеді...

Бес бұтағының ішінде жалғыз ұлын — “Дүйсенбім” деп атайтын-ды. Өйткені жалғыз болғандықтан ба, көбірек еркелетіп, көбірек көңіл бөлу мағынасында айтылса керек. Ал, сол бесеудің ішінде Саидаға жеке өлең арнаған-ды. “Әке балаға сыншы” демекші, түбінде әдеби мұрагері болатындығын әу баста-ақ болжаса керек. “Мен әрқашан сендердің жел жағында” — деп өзі айтқандай, ата емен болып, балапан шыбықтарына мейірім саясын тосты, жапырақтарының ақ шуақта биіктеп өсуі үшін ол тамыр болып тереңдей берді.

... Сен көктейсің,
Тұрған шақта мен аман,

Бұтақтарым,
Жапырақтарым, мұңайман...
Көтерілген сайын сендер биіктей,
Жерге кіріп барамын мен тереңдеп...
Бұтақ сайын бұлбұл келіп қонады,
Сайрап отыр, сайрап отыр ол әне...

Әке-тамыр дұрыс болжаған. Бұтақтарында сандуғаштар сайрайды. Бәрі бой жетті, ер жетті. Бәрі де оқыды. Бәрі де маман. Қазір Нәсіп келін әрі ана, әрі әке боп қызығын көріп, ұрпақ өсіріп отыр. Бақыт деген осы! Орнында бар оңалар! Жақсы әке ұрпағына қырық жыл азық-ризык!

Ал осылардың ішінде Саиданың орны өзгеше! Ақын әкенің Саидаға арнаған өлең жолдарына назар аударалықшы:

Әй, кішкентай бөбегім!
...Ұзақ жолға дайындалған кемеңің
Белгісі боп танылатын шет елде
Қызыл жібек желкілдейді шекеңде.
Ей, кішкене туым менің көтерген,
Мен көрмеген мұхиттардан өтер ме ең.
Аман-есен шекаралар дауынан...
Сенемін,
Төбесіне тік көтерер сені елің,
Жалауындай алысқа жүрер кемеңің!
Ей, періштем, бөбегім!

Асыл әке арнауын осындай сеніммен аяқтаған екен. Саида әке сенімін ақтады. Ғылым мұхитын жүзіп кетті. Әл-Фараби атындағы Ұлттық университетін бітіріп, аспирантурасына түсіп, жақсы жұбайлы болып, отау тікті. Тұңғыш қаламгерлік — ғылыми еңбегін ардақты әкеге арнады және қандай әдемі! Осыдан бастап кешегі бөбек Саида — әкенің әдеби мұрагері. Әке бақыты дегеніміз де, бала бақыты дегеніміз де осы болса керек!

Ақын әке, ақ періштеңді рухыңмен де жебей бер!

Әбділда Тәжібаев

ҒАЛАМҒА ҒАШЫҚ ЖҮРЕГІ

Маған Жүмекен Нәжімеденовті көп білем деуге де, аз білем деуге де болады. Көп білем дейтінім: мен оның поэзиясымен бұдан 20 жыл бұрын беттесіп, тілдесіппін, недәуір ой айтқан болыппын. Одан кейінгі шығармаларын да бағып оқып отырыппын. Ал, аз білем дейтінім: мен оның шығармаларын сүйсініп оқудан, қуанғанымды сезінуден артылмаппын.

Тандану, таңырқау, қызығу-қызыну дегеннің бәрі тек эмоциялық мезеттер ғой. Ондай тұстар менде де аз болмапты. Бірақ өскен, іріленген ақын поэзия әлеміндегі биік пен аласаларды, жүйрік пен шабандарды, жарық пен күңгірттерді тани отырып, өз орнын білікті анықтаған, бәрін де өз құлашымен өлшер болған ақынның поэзиясына құныға қанығуға, оның әр алуан күрделілік тапқан лирикаларына, баллада-поэмаларына ой айтарлықтай мен әзірленіп үлгермеспін.

Сондықтан мен әуелі Жүмекенмен алғашқы танысқанда айтқан ойларымның кейбір жерін есіме түсіргім келеді. Мен сонда: “Жүмекен, сөз жоқ, ешкімге ұқсамайтын, өзіндік жаратылысы, өзіндік ақындық бейнесі бар, көп ойлап, көп оқитын, көп ізденетін жас. Алған тақырыбын да, оны өлеңге айналдыру жолдарын да Жүмекен оңайлатып, арзандатып алмайыншы дегенді үздіксіз ойлайды. Ол адамның, жаратылыстың сыртқы қалпынан гөрі философиялық табиғатын ашқанды, адам мен жаратылыстың биік келісімін тереңірек сипаттағанды ұнатады” – деппін.

Мен қазір де осы пікірдемін, Жүмекен осы бағытта тереңдей, ірілене түсуден бәсеңдеген жоқ. Мен сол мақаламда: “Онда адамды дәріптемейтін, оған жақсылық тілемейтін бір өлең жоқ. Ендеше Жүмекенді сүйіп оқу керек:

Ей, күншуақ, құйыла бер жерге, осы
Ей, күншуақ – дүниенің зердесі.
Шуақ болып жарқырашы алға күн
Не берсең де көлеңкелеп бермеші”.

Жүмекен осы тілегінен соңғы демін алғанша айныған жоқ. Оның барлық шығармасындағы қуанышы да, қайғысы да осы күншуағына байланысты жырланды. Ірі, күшті ақындар ғана осылай ете алады.

Мен жиырма жыл бұрын Жүмекеннің тағы бір өзгешелігі: “Ол әсемдікпен келісімді, жақсылық пен қуанышты оңайдан таппайды. Оған өмірдің тұтас қимылы – уақыт пен адам, жаратылыс үшеуінің бірге қозғалуы, бірге ілгерілесуі ғана қызықты. Ақын уақыт өтіп жатқанда өзгермей қалған кейбір шындықтар үшін де қамыға біледі” – дегенімді бүгін де қуаттаймын. Өзгерту, жаңғырту, жасарту, жақсарту Жүмекен үшін биік идеал болған-ды. Ол кейінгі жырларын, әсіресе поэмаларын түгел осы идеалға арнады. Өзгерту процестеріндегі барлық күрделі ішкі қайшылықтарды суреткер бола отырып көрсете алды.

Планетамыз енді ғана түзелді,
Керек емес қарулардың жарқылы.
Өмірді де ұзартамыз біз енді,
Ерте тұрып, кеш жатулар арқылы –

деген жалынды жолдар өмір бойы ескірмейді.
Мен осыдан 20 жыл бұрын Жүмекеннің:

Арман, арман, алға бұрды бетімді,
Нені қусам сүйем соған жетуді.
Мен кідірsem терім сүртіп бір сәтке
Бүкіл дүние тұрып қалар секілді —

деген бір шумақ өлеңін оқып болған соң: “Міне, осы дегбірсіз асығулар, көруге, тануға, білуге, жырлауға ұмтылуларда адамның өмірге құмарлығы, дүние қызығына құштарлығы жатыр. Биіктей түссем, алыстай берсем деген тынымсыз арман жас ақынның өлеңдеріне әрі биік мән, әрі кілең толқып отыратын оптимизм береді. Ол осындай тұста Отанның тауларына, теңіздеріне, өзен-бұлақтарына, орман-даласына ғашық. Соның бәрімен тіл табысуға, сырласуға тырысады. Ол кейде атар таң, батар күн, түнгі эфир үндері мен бояуларына да тіл бітіріп, ләззат табады. Сонымен бірге әрбір мезеттің драмалы мәндерін де түсіндіруге тырысады. Онысы әлемдік құбылыстың диалектикасын танығандығы. Ал өзі саналы адам, қоғамның өкілі ретінде дамылсыз қимыл, әрекет үстінде болады. Мені ақынның осы қасиеттері сүйсіндіреді” — деп қорытыппын. Содан бері Жүмекеннің атымен қанша еңбек жазылып, қанша кітап шыққанын оқырман қауым өте жақсы біледі.

Жүмекен Нәжімеденовтің еңбектерін зерттеушілер үшін ең қызықты жұмыстар әлі алда жатыр. Ешкімге ұқсамайтын ақынның әрбір өлеңі, тіпті өлеңнің әрбір шумағы тың қазына. Оның дүниеге көзқарасы, сан алуан құбылыстарды қабылдаулары, ол құбылыстарға музыкалық ырғақ, суретшілік бояу, жыр үніне сай тыныс табулары енді айтылатын әңгімелеріміз. Мен солардың ішінде ақынның эпикалық жанрда да ерекше қарыштағанын атап қана өткім келеді.

Эпикалық құлашқа лайық дауылды екпін, уақытты шабытты жүгіртетін ерекше ырғақ, дәуірді, кеңістік пен биіктікті сездіретін мол тыныс керек екені рас. Сонымен бірге оның бәріне жан беріп, көркем көрініске айналдыратын суретшілік те керек. Осының бәрі түгел Жүмекеннен табылады. Оған, басқаларын айтпағанда “Келін” поэмасының бір өзі-ақ жетіп жатыр.

Оң жақта тек ақ шымылдық баяғы,

Баяғыдай ақ құшағын жаяды —

деп басталатын поэманың 10-бөліміне тағы бір үңілейікші. Осы бөлімде тек суреткер ақын ғана жеткізе алатын, оқушысын өз сезіміне еріксіз бағындырып, еріксіз еліктіре алатын отты мезеттер бар.

Қараңғы түнде жалғыз жатып оянған жесір келіншектің жан сезімі, жан аңсары, жар іңкөрі барлық қайшылықтарымен, қиындықтарымен жетіп тұр. Алабұртып, ала қашқалы тұрған жүрек біздің есімізге Мұхтар Әуезовтің белгілі “Қаралы сұлуын” түсіреді.

Бір күй ойнап денесінде, жанында,
Бір от жатты дайын болып жануға.

Мен осы екі жолды еріксіз қайталап оқимын. Не деген күдірет бұл жастық, қайран жастық! — деймін қанаттанып. Біз күйді де, отты да адамның жүрегінен тапқан екенбіз-ау әуелі.

Бірте-бірте құлазиды көкірек,
Бір қызықтың көшіп кеткен жұртындай.

Иә, сүйтеді. Бұл да ұлы шындықтың бір көрінісі.

Мен тағы да қайталаймын, Жүмекен поэзиясы — біздің ұлттық мақтанышымыз, біздің енді ашылар алтын сандығымыздың бірі.

Мен поэзияны жақсы түсінетін талантты жас сыншыларды осы алтын сандықтағы асыл байлықтарды ашуға шақырамын.

Хамидолла Хабдешов

ҚАРШАДАЙДАН БІРГЕ ӨСКЕН ҚАРА БАЛА

Жүмекен Нәжімеденовтің әдебиет сарайының қасиетті табалдырығын аттарда таптаурын жолға түспей, өзіндік соқпақ салған, пәлсапалық ойлары мен терең толғаныстары, адам мен табиғат арасындағы диалектикалық байланысты оқушысына иін қандыра жеткізген терең де мазмұнды, өрнекті де ойшыл жырлары халық қазынасынан мәңгілік орын алды.

Жүмекен екеуіміздің балалық шағымыз бірге өткен. Екеуіміз ағайын адамдардан да артық бауыр басып кеткен жандар едік. Содан да мен оның өзін ғана емес, шыққан ортасын да өте жақсы білемін.

Мен туған жерім Нарын құмының орта тұсына орналасқан бұрынғы Новобогат ауданы, Айбас ауылдық кеңесіне қарасты Сазды бастауыш мектебін 1941 жылы бітірдім. Алайда соғыс кезі, елдегі ауыртпалық жағдай одан әрі білімімді жалғастыруға мүмкіндік бермеді. Оның үстіне сегіз жасымда анамнан айрылған менің 1942 жылы әкем де қайтыс болып, тұлдыр жетім қалдым. Содан 1943 жылы немере апам Қапияны іздеп тауып, соны паналадым. Апамның мекені Із объезд деген жерде еді. Бұл кәдімгі Нәжімеден қыстауы деп аталатын, Ганюшкино поселкесінен 100 шақырымдай жердегі

Дыңқызылға қарай жүретін қасқа жолдың батыс бетіндегі Қошалақ ауыл кеңесіне қарасты екі-ақ түтіннен тұратын елді мекен екен. Бұл жер Ж.Нәжімеденовтің “Ақ шағыл” романында жиі айтылады. Мен Жүмекенді алғаш осы жерде көрдім.

Менің жездем Мүкәрам майданға аттанарда жасқа да жетпеген Ләззат есімді қызы мен апам Қапияны Жүмекеннің атасы Нәжімеден қарттың қасына көшіріп әкеліп, сол кісіге тапсырып кеткен екен. Жездемнің мұндай шешім қабылдауына Нәжімеден ақсақалдың жатты жақын ететін кеңпейілділігі, қайырымдылық қасиеттері себеп болған екен. Ол менің апамды өз қыздарымен бірдей көріп, етене араласып кеттік.

Нәжекең қарттың асылдығын артынан өзім де көрдім. Мен бұл ортаға келген күннен-ақ ол Жүмекен екеуімізге өсиет сөздер айтып, татулыққа үндейтін, ынтымаққа баулитын әңгімелер айтатын. Ол кез менің жетімдік көріп жүрген шағым болғасын ба, осы абзал ақсақалдың мейірімділігін жүрегіме жылы қабылдаған едім. Тіпті бауыр басып кеткендігім соншалық, оның туған немересі Жүмекенмен таласа қасына жатушы едім. Қарт та бізді айырмайтын. Тіпті бейтаныс адамдар Жүмекен екеуімізді ағайынды балалар деп қалушы еді.

Ақынның атасы Нәжекең қарт туралы сәл шегініс жасаған жөн болар. Ол кісінің туған жері — қазіргі Батыс Қазақстан облысы. Алайда бұл өңірге келгеніне біраз жыл болыпты. Сол 1943 жылы осы қыстауда 13, одан он шақты шақырым жердегі құдық басына 8 жыл қыстапты. Яғни, Жүмекен осы Ашақ шағылының түбіндегі “Жаңа тұрмыс” кеңшарында туды. Нәжекең Кіші жүзге қарасты он екі ата Байұлынан тарайтын Алаша руынан. Оның ішіндегі Қоңырбөрігі. Нәжекең орта бойлы, толық денелі, күлгенде жұмылып кететін қысық көзді, сирек сақалды, дөңгелек жүзді кісі еді. Оның ойланбай, әр сөзін електен өткізбей айтатын кезі болмайтын. Яғни беталды жайылмайтын.

Жалпы, қазақта ат қойғанда алдыңғыға ұқсастыру әуелден бар ғой. Сондай-ақ, Нәжекеңе қарасты әулет есімдері де осындай. Оның кейінгі үрім бұтағының аттары Қайырмеден, Қалимеден, Шамеден, Зинеден болып кете береді. Ал, Нәжекеңнің баласы, Жүмекеннің әкесінің аты — Сабыреден. Жүмекеннің де о баста азан шақырып қойған аты — Жүмаден. Одан Мағжан атты бір ұл бар.

Енді Жүмекенді өмірге әкелген ана туралы бірер сөз. Ақын өзінің Сәбила, Жаңылсын есімді қарындастарымен бірге үлкендердің бауырында өсті де, туған анасын атымен атап,

онымен жеңгедей әзілдесетін. Бертін келе мен Жүмекеннен: “Сен осы апайды әлі Мұслима деп атымен атайсың ба?” – деп сұрағанымда, ол жымыып: “Ол әуелден Мұслима ғой” – деген-ді. Алайда анасын қатты қадірлейтін.

Мұслима апайдың руы – Беріш. Оның ішінде Есенқұл. Бессары Айдын деген кісінің қызы. Осы апамыз туралы Жүмекен Нәжімеденовтің “Ақ шағыл” романының 218-бетінде “Мұғзима” деген атпен егжей-тегжейлі баяндалған.

Нәжімедендей қартқа келін болған Мұслима апай үлкенді сыйлай, кішіні қамқорлай білетін адам еді. Менің қазір қазақ қыз-келіндерінің бойынан іздейтін қадір-қасиеттерім осы кісінің бойынан табылатын тәрізді.

Ал болашақ ақынның әжесінің аты Бақытжамал еді. Ол етженді, шүңірек көз, ақ жарқын мінезді адам болатын. Руы – Шеркеш, оның ішінде Сақауы. Екі беті ұдайы қып-қызыл боп жүруші еді. Соған орай ол кісіні “қызыл кемпір” деп те атайтын.

Жүмекеннің әкесі Сабыреден ол кезде майданға кеткен болатын. Мен ол туралы білмеймін.

Міне, Жүмекен осындай ортада өскен еді.

Нәжімеден қарт анда-санда базаршылап қалаға кеткенде малды жайлап болғасын біздің ермегіміз асық ойнау еді. Білтелі шамның жарығымен асық ойнайтын кездеріміз біз үшін сол кезде таптырмайтын сайран еді. Ойынымыз қазіргі балалар біле бермейтін – “Ханжаппай”. Оны ұйымдастыратын – “қызыл кемпір”. Ойынның ережесін қатаң сақтаушы едік.

Бірақ біздің бұл ермегіміз соңынан сиректеді. Оған “кінәлі” – мен. Кішкентайымнан қанатты сөзге құштар болғандықтан ба, әр түрлі өлең-жырды тез-ақ жаттап алушы едім. 1941 жылы Оралда оқитын ауылдың бір баласы демалысқа келгенде одан Біржан-Сара айтысын қолжазба күйінде алып, тегіс жаттап алған болатынмын. Оған қоса Ертілеудің, сол өңірдің айшықты ақыны Сүгірдің ұлы Насихаттың, тағы басқаларының бірқатар жырларын іркілмей айтатындығымды аңғарған Нәжекең енді кеш сайын асықты да, қысыр әңгімені де доғарып, маған жыр айттыратын болды. Ол жырлардағы, айтыстардағы әдемі теңеулерге тәнті болып, арасында “О, пәлі” деп көтермелеп те жіберетін. Нәжекең жыр оқырда “Күлагерден” баста” дейтін. Әсіресе, “Ат сенің қарай ма екен сақалыңа” деген жерін сүйсіне тыңдайтын. Сөйтіп жүргенде сол маңайдан кейбір үйлерден азаматтары майданға кеткенде сандық түбінде қалған кітаптар да табылды. Олардың көбі латынша еді. Арасында “оқуға болмайды” деп есептелген Сәкеннің, Илиястың да кітаптары кездесетін.

Осылардың 29 латын әрпімен жазған шығармаларымен мен сонда бірінші рет кездестім. Мен мектептегі алғаш оқуымды 1938—1939 жылдары осы латын әріптерімен бастағандықтан оқи білуші едім. Енді кештегі ермегіміз осылар болды. Түнде оқимыз да, күндіз тығып қоямыз.

Әдетте, жыр кеші басталғанда мен Нәжекеннің бір жағына, Жүмекен екінші жағына орналасатын едік. Ақсақал арасында немересіне қарап: “Бірдеңе түсініп жатсың ба, анау асыл сөздер басыңа жетті ме?” деп сұрап қоятын. Кейін жыр кешіне Жүмекеннің домбырасы қосылды. Орындауы аса мықты болмаса да, тартылған күйлерді талмай тыңдаушы едік. Жастығына қарамастан оның домбыраға деген құштарлығы ғажап еді. Қарағай домбырасын солақай тартып, күні бойы қолынан тастамайтын кездері болушы еді. Ара-тұра үйге келген қонақ күй тартар болса, қалай да соны үйреніп алатын.

Нәжекеннің өсиет әңгімесі, менің оқитын жырларым, Жүмекеннің тартатын күйлері біздің кішкене жүрегімізге рухани азық беріп, майдан жаққа қарайлай сол 1943—1944 жылдардың қысынан да аман шықтық-ау.

Сәуір айында менің өмірімде үлкен жаңалық болды. Қапия апам бір үйір жылқы берді. Ол аға жылқышы, он бестегі мен көмекші болдым. Енді Жүмекен екеуіміз аттан түспейтін болдық. Шындығында, жылқы бағатын сол екеуіміз. Содан мен әскерге кеткенше Жүмекен көліктен қиындық көрген жоқ. Қайда барам десе де, жүрісті, келістісін тауып беремін.

Содан жаз шыққаннан бері Жүмекен мектепке баруға дайындала бастады. Нәжекен ақсақал оқуда жеңіл болады деген оймен маған Жүмекенге әріп үйретуді тапсырды. Сөйтіп, болашақ ақын, сол кездегі “қара балаға” сауат таныттыра бастадым. Ол талпыныс нәтиже берді де, ал менің домбыра үйренбек болуымнан ештеңе өнбеді. Жүмекен қаншама тыраштанса да, менің саусақтарым икемге келмеді. Содан да бүгінге дейін домбыра тындағанды аса сүйемін және өнер адамдарын қатты қадірлеймін.

Ауылда мектеп жоқ. Жүмекеннің әкесі Сабыреденнің бірге туған Күлмәш, Мүлкіма, Шырақай деген апалары болды. Нәжекен бір күні солардың біреуін, Дыңқызылда тұратын Күлмәш пен оның күйеуі Әмірді шақыртты. Солардың келуіне ұштастырып, жақын жердегі көршілерді шақырып, кішігірім той жасады. Сөйтіп, 1944 жылдың қыркүйегінде бұл кезде өздігінен кітап оқи алатын дәрежеге жетіп қалған 9 жасар Жүмекен Дыңғызылдағы орта мектепке кетті. Сондағы Күлмәш апасының үйінде жатып оқитын болды.

Оның оқуға кетуі маған жеңіл болған жоқ. Бірақ сағынғанда сиректеу болса да барып тұрдым. Ал ол каникулға келерде менің көлігім бір күн барып күтіп, жатып алып келетін. Сондайда қуана қауышатын едік.

Сөйтіп, Жүмекен орталықта білім соңында, мен ауылда жылқы соңында жүрсем де, бір-бірімізге жүрек жарды достық сезіміміз ортаймайтын. Оның каникулға келуін, одан кейін қайтуын Нәжімеден қарт маған тапсыратын.

Осылай Жеңісті де қарсы алдық. Көп боздақтар туған ошағына оралмады. Дегенмен, тірі адам тірлігін істеп, өмір өз арнасымен аға берді. 1947 жылдың наурыз айында Нәжекеннің кіші қызы Шырақай ұзатылды. Оның шын аты Мүслима болатын. Жоғарыда айттық, Жүмекеннің анасы, Нәжекеннің келінінің аты да Мүслима ғой. Бір үйдегі екі адамды шатастырмас үшін тапқыр қарт кенже қызын “шырақай, ай-шырақ” деп атап, содан Шырақай атанып кеткен. Ауыл тойға дайындалып жатыр. Мен Жүмекенді каникулға бірер күнге бұрынырақ сұрап алып кеттім. Апамыздың баратын жері де сол Жүмекен оқып жатқан Дыңқызыл ауылдық кеңесінің “Ворошилов” ұжымшары. Болашақ жездеміздің аты Қален, сондағы қой фермасының меңгерушісі. Мерзімді күні құдалар, күйеулер келді. Кілең басшы орындарда істейтін мықтылар. Соларға қарсы Нәжекен қарт мені, Жүмекенді, “қызыл кемпірді” шақырып алып: “Сен Хамидолла – бас құда, сен Жүмекен – оның көмекшісі, ал сен қыздың шешесі ретінде Шырақайды құтты жеріне қондырып қайтыңдар!” демесі бар ма? Мен ол кезде 18-де, ал Жүмекен 12-де болатын. Бұрын мұндайды көрмеген, ретін білмейтін біз қатты састық. Ақыры өзімізге тіке сұрақ бермесе араласпай отыруды жөн көрдік. Ақсақалдың бізге осындай сенім артуы бізді тіпті жасымыздан да есейтіп жібергендей болды. Сөйтіп, сыйлы құда болып барып, апамызды құтты орнына қондырып қайттық. Кейін Жүмекен екеуіміз Алматыдағы оның үйінде отырып, осы құдалығымызды еске түсіріп, бір күліп алғанбыз.

Нәжекен қарттың сегіз қанат үйі бар. Сол кезде мұндай киіз үй ол маңда жоқ-ты. Кейін Жүмекеннен естідім, осы үй 1957 жылы Қазан төңкерісінің 40 жылдығына орай тігіліп, облыс бойынша бірінші орын алыпты. Ал, оның кейінгі тағдыры белгісіз. Осы киіз үйді жыл сайын немесе аударып тігерде шаңырағын екі қайратты кісі көтеріп, уығын атты адам байлап, туырлықтарын, үзіктерін және түндігін ат үстінен жаятынбыз. Менің үлесіме уық байлау, киіздерін дұрыс жаю тиетін. Бұл менің жастайымнан ат үстіндегі жұмысқа үйренгендігімнен болса керек. Нәжекен қарт та болса қайратты еді, шаңырақты бақанмен өзі көтеретін.

Жүмекен сабақты жақсы оқыды. Әрі мектепке баруы мұн екен, домбыраға төселіп жүре берді. Ауылға келген сайын

үйренген жаңа күйлерін тартып беретін. Ал, одан босағанда малды ауылдың науқанды жұмыстарына қатысатын.

1951 жылы мен әскерге шақырылдым. Соны естіген Жүмекен мектептен сұранып, менің қасымда екі-үш күн болғысы келіпті. Мен оны Қиғаш өзенінің жағасындағы “Қызыл әскер” ұжымшарының орталығына алып келдім. Ондағы ойым, біріншіден, Жүмекен екеуіміздің құлын-тайдай тебісіп рахаттанған жерімізді көру болса, екіншіден, сол өңірде Сейітбатал деген мықты домбырашы мен Жүмекен екеуіне күй тарттыру еді. Осы кісімен кездесуін Жүмекен кейін Алматыда болғанымда талай тамсана еске түсірген. Әскерге аттанардан бір күн бұрын Жүмекенді атпен мектебіне әкеліп тастап, ағалы-інлі жандардай құшақтасып қоштасқанбыз. Екеуіміз де көзімізге жас алдық, оны ерсі санамадық та.

Мен әскер қатарынан оралған соң Құлсарыға бет алдым. Өйткені маған әрі қарай білім алу, өндіріске араласу керек еді. Бұл 1954 жыл болатын. Сөйтіп, біраз уақыт Жүмекеннен көз жазып қалдым. Елуінші жылдардың екінші жартысында, алпысыншы жылдардың басында Жүмекеннің өлеңдері республикалық баспасөзде жиі жарияланып жүрді. Осы жылдар ішінде ол мені іздеп те жүреді екен ғой. Сол жылдары Құлсарыдан Алматыға сырттай оқитын екі жігіт, Ыбыраев Кемелхан және Қабылов Отар емтихан тапсыра барған. Жүмекен соларға кездейсоқ жүздесіп, менің бар хабарымды біліпті. Содан үйіне апарып сыйлап, алғашқы кітабын қолтаңбасымен маған беріп жіберіпті. Сол кітап менде әлі сақтаулы. Әрине, Жүмекен хабары мені қатты қуантты. Көруге аңсарым ауды. Содан 1963 жылы жолдасымды ертіп, Алматыға сапар шектім. Қазіргідей шапшаңдық жоқ, біраз күн жүріп астанаға жеткен соң бірден Жазушылар Одағынан баяғы “қара бала” Жүмекенді тауып алдым. Кемерінен асқан қуанышта шек жоқ. Ол кезде Жүмекен “Горный Гигант” шетіндегі бір бөлмелі үйде тұрады. Екі кішкентайы, әйелі Нәсіп бар. Сол үйде хан сарайындай бірнеше күн өткіздік. Жатарда Жүмекен әйелі Нәсіпке: “Сен Қабес (мені солай дейтін) екеуіміздің бала кезімізді толық білмейсің, бізге төсекті бірге сал, келмеске кеткен балдәурен күндерді еске алып, ашық аспан астында жұлдыз санағандай жатайық” деді. Сол жолы бұрын Жүмекен екеуіміз ғана бірге туғандардай болсақ, енді отбасымызбен араласып, екі әулет арасында да туыскандық сезім орнағандай еді.

Содан кейін 1967–1971 жылдары мен Алматыда жоғары партия мектебінде оқығанда, біраз жылым Жүмекен отбасымен тығыз байланыста өтті. Оның әйелі Нәсіп те мені туған ағасындай сыйлайтын. Мен Жүмекенге келген сайын

күй тарттырушы едім. Сондай күндердің бірінде ол: “Қабес, сенің баяғыда домбыра үйренем деп үмтылғаның әлі есімде, бірақ мен үйрете алмадым, ал сен маған алғаш әріп үйреткен едің-ау” демесі бар ма. Сол үйде Жүмекеннің әдебиет майданында қатар жүрген жолдастарымен дастарқандас болдым. Соларға Жүмекен мені таныстырып: “Мына кісі менің алғашқы ұстазым, оның маған берген білімі кейінгілерінен көп артық” деп отыратын. Жүмекеннің өзіне біткен аяулы қасиеттерінің бірі еді ғой.

Сөйткен Жүмекен өмірден ерте кетті. Екеуіміз балалықтың балдәурен кезін бірге өткізген жерлерімізді аралап, Нарын құмына аунап қайтпақ болып талай оқталдық та. Амал қанша, күйкі тірлік қол босатпады.

Ақын Жүмекен Нәжімеденовтің туған жерінде есімін мәңгілік қалдырып, мүсінін орнатса құба-құп. Ал, бұрынғы шығармаларын жинақтап қайта бастырған да жөн-ау. Қазіргі ардан гөрі ақша алға түскен заманда баспадан ешкім оқымайтын арзанқол дүниелер шығып жатыр. Ал, Жүмекен жырлары таласып оқитын шығармалар қатарында екендігі кәміл.

Иә, “қара баламен” бірге өткізген күндер көз алдымда, айтқан сөздері құлағымда. Өмірден аққан жұлдыздай ерте өткен талантты іні, тамаша досым жайлы қысқа естелігім де аяқталды. Жүмекен Нәжімеденов оны басқа білетіндердің де жадында болар.

1995 жыл.

Құбыш Мұхитов

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ ЕДІ

Жүмекенді еске алғанда сонау елуінші жылдар еске түседі. 1956 жылдың шуақты күнінің бірінде Жүмекенді Ғұбайдолла Ержанов деген азамат маған алып келді. Жүмекен өзінің 1954 жылы он жылдық мектепті бітіріп, мектепте мұғалім болғанын, одан кейін комсомол жолдамасымен Қарағандыға шахтерлік жұмысқа барғанын, сонда істеп жүріп шахтаның көркем үйірмелеріне қатысып, Мәскеуде өткен қорытынды концертте қазақтың “Қараторғай” әнін хормен жеке дауыста орындағанын, жеке бір күй тартып бергенін баяндап берді.

Мәскеуден келгеннен кейін шахтаның бастығы “Сен өнерлі жігіт екенсің, оқуың керек” — деп, Алматы консерваториясына жолдама береді. Осындай танысудан кейін Жүмекеннің өнерімен таныстым. Ол өлең айтумен қатар домбыраны да бір кісідей тартады екен. Маған оның тартқан Мәменнің